

А.Н.Қуанышбаева,^{1*}  Ф.Н.Жұмабекова² 

¹Қ.А.Ясауи атындағы Халықараралық қазақ-түрік университеті Түркістан қ., Қазақстан

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана қ., Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУДАҒЫ НЕЙРОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Аталаған мақалада педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы нейролингвистикалық бағдарламалау технологияларының әдіснамалық ерекшеліктерін анықтау және олардың білім беру үдерісінде тиімді қолданылуына талдау жасалған. Сонымен қатар, нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ) әдістері, отандық және шет елдік зерттеушілердің еңбектерінен зерделенді. Зерттеуге НЛБ әдістерін оқудан өткен эксперименттік топ және бұл оқудан өтпеген бақылау тобына қатысты ақпарат беріледі. Педагогикалық құзыреттілік деңгейін, коммуникациялық дағдыларды және оқытудың инновациялық әдістерін қолдануды бағалау үшін арнайы құрастырылған сауалнамалар нәтижелері өңделіп, өзін-өзі бағалау және сабақ өткізу барысын бақылау әдістері қолдану тәсілдері көрсетілді. Зерттеу нәтижелері эксперименттік топтағы қатысушылардың құзыреттілігінің айтарлықтай жақсарғанын, әсіресе коммуникациялық дағдылар мен инновациялық әдістерді қолдану тұрғысынан көрсетілді. Зерттеу жұмысымызда НЛБ әдістерінің педагогикалық құзыреттілікті арттырудың тиімді құралы ретіндегі рөлі айқындалды. Сонымен қатар, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруда нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ) технологияларын қолданудың әдіснамалық негіздерін талдауға бағытталды. 1970 жылдары Ричард Бэндлер мен Джон Гриндер әзірлеген НЛБ мінез-құлқы пен коммуникацияның үлгілерін модельдеуге негізделген теориялары қарастырылды. Педагогикада ол оқытудың тиімділігін арттыру және инновациялық әдістерді дамыту құралы ретінде қызмет етеді. Зерттеуде НЛБ-ның раппорт, якорлау және рефрейминг сияқты негізгі әдістері қарастырылып, олардың мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, оқыту процесін даралауға және мотивацияны арттыруға ықпалы көрсетілді. Нәтижелер НЛБ эмоционалдық интеллектті, сыни ойлауды және оқушылардың белсенділігін дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді. Сонымен қатар, НЛБ әдістері арқылы оқушылардың жеке қажеттіліктері мен оқыту стилін ескере отырып, қолдау көрсететін білім беру ортасын құруға болады. Дегенмен, НЛБ-ның білім беру саласындағы тиімділігін толық растау үшін қосымша эмпирикалық зерттеулер қажет екені атап өтіледі.

Түйін сөздер: құзыреттілік, нейролингвистикалық бағдарламалау, раппорт, якорлау, рефрейминг.

Қуанышбаева А.Н.,^{1*}  Жұмабекова Ф.Н.² 

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясауи, г.Туркестан, Казахстан

²Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ НЕЙРОЛИНГВИСТИЧЕСКОГО ПРОГРАММИРОВАНИЯ В ПОВЫШЕНИИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ

Аннотация

Цель нашей статьи заключается в определении методологических особенностей использования технологий нейролингвистического программирования (НЛП) для развития профессиональной компетентности педагогов, а также в анализе их эффективного применения в образовательном процессе. Методы нейролингвистического программирования (НЛП) изучены на основе работ отечественных и зарубежных исследователей. В исследовании участвовали экспериментальная группа, прошедшая обучение методам НЛП, и контрольная группа, которая такого обучения не проходила. Для оценки уровня педагогической компетентности, коммуникативных навыков и применения инновационных методов обучения были использованы результаты специально разработанных анкет, а также методы самооценки и наблюдения за процессом проведения занятий. Результаты исследования показали значительное улучшение компетентности участников экспериментальной группы, особенно в части развития коммуникативных навыков и использования инновационных методов. В нашей работе была определена роль методов НЛП как эффективного инструмента для повышения педагогической компетентности. Кроме того, исследование было направлено на анализ методологических основ использования технологий нейролингвистического программирования (НЛП) для развития профессиональной компетентности педагогов. Рассмотрены теории, разработанные Ричардом Бэндлером и Джоном Гриндером в 1970-х годах, основанные на моделировании

образцов поведения и коммуникации. В педагогике НЛП используется как инструмент для повышения эффективности обучения и развития инновационных методов. Были изучены ключевые методы НЛП, такие как раппорт, якорение и рефрейминг, их влияние на улучшение взаимодействия между учителями и учениками, индивидуализацию образовательного процесса и повышение мотивации. Результаты доказывают, что НЛП способствует развитию эмоционального интеллекта, критического мышления и вовлеченности учащихся. Также методы НЛП позволяют создавать поддерживающую образовательную среду, учитывая индивидуальные потребности и стили обучения учащихся. Однако подчеркивается необходимость дополнительных эмпирических исследований для полного подтверждения эффективности НЛП в сфере образования.

Ключевые слова: компетентность, нейролингвистическое программирование, раппорт, якорение, рефрейминг.

Kuanyshbaeva A., *¹  Zhumabekova F.² 

¹International Kazakh-Turkish University named after H.AYasavi, Turkestan, Kazakhstan

²L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

METHODOLOGICAL FEATURES OF NEURO-LINGUISTIC PROGRAMMING IN ENHANCING PEDAGOGICAL COMPETENCE

Abstract

The goal of our article is to identify the methodological features of using Neuro-Linguistic Programming (NLP) technologies to enhance teachers' professional competencies and analyze their effective application in the educational process. Neuro-Linguistic Programming (NLP) methods were studied based on the works of domestic and foreign researchers. The study involved an experimental group trained in NLP methods and a control group that did not undergo such training. To assess the level of pedagogical competence, communication skills, and the use of innovative teaching methods, specially designed questionnaires were processed, as well as self-assessment and lesson observation methods were applied. The results of the study showed a significant improvement in the competence of participants in the experimental group, especially in terms of communication skills and the use of innovative methods. Our research highlighted the role of NLP methods as an effective tool for enhancing pedagogical competencies. Moreover, the study focused on analyzing the methodological foundations of using Neuro-Linguistic Programming (NLP) technologies for professional development in teaching. Theories developed by Richard Bandler and John Grinder in the 1970s, based on modeling patterns of behavior and communication, were examined. In pedagogy, NLP serves as a tool for improving teaching effectiveness and fostering innovative methods. Key NLP techniques, such as rapport, anchoring, and reframing, were studied, demonstrating their impact on improving teacher-student interaction, individualizing the educational process, and increasing motivation. The findings prove that NLP contributes to the development of emotional intelligence, critical thinking, and student engagement. Additionally, NLP methods allow for creating a supportive educational environment by addressing students' individual needs and learning styles. However, the necessity of further empirical research to fully validate the effectiveness of NLP in education is emphasized.

Keywords: competence, neuro-linguistic programming, rapport, anchoring, reframing.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру – стратегиялық міндеттердің бірі. АҚШ зерттеушілері Х.Гелбах, К.Д.Робинсон соңғы зерттеулерінде НЛП ішкі процестерімен айналысатын психология саласы екенін мойындалып келеді делінген[1]. Нейролингвистикалық бағдарламалаудың тарихына көз жүгіртсек 1970 жылдары Калифорния университетінде негізі қаланған. Оның негізін салушылар және негізгі авторлары – математик және ақпараттық ғылымдар маманы Ричард Бендлер мен лингвист Джон Гриндер болды. Олар «Нейролингвистикалық бағдарламалау» терминін ойлап тапты. Ол адамның ішкі тәжірибесі -нейро, тілі-лингвистикалық және мінез-құлық түрлерін -бағдарламалау арасындағы жүйелі байланыстарды білдіреді, бұл жерде аты ұқсас болғанымен нейроғылыммен немесе компьютерлік бағдарламалаумен тікелей қатысы жоқ. Р.Бандлер және Дилтс және басқалардың айтуы бойынша, нейролингвистикалық бағдарламалаудың - адамдар әдеттер мен тәртіпті манипуляциялау, қарым-қатынас жасау және өзгерту үшін қолданатын құрал ретінде әрекет етеді-дейді[2]. "Сиқырдың Құрылымы" – атты еңбегінде тілдік құрылымдардың адамның ойлау жүйесіне қалай әсер ететінін зерттеген болса, ал "Real People Press" – еңбегінде адам санасын өзгерту мен өзін-өзі жетілдіру механизмдерін талқылайды. Бұл еңбектер нейролингвистикалық бағдарламалаудың әдіснамасының негіздерін түсіну үшін маңызды бастапқы дереккөздер болып табылады[3]. Жоғарыда атап өтілген ғалымдар өздерінің әртүрлі салалардағы тәжірибелерін біріктіре отырып, 1970 жылдары мінез-құлықты басқару мен коммуникацияның жаңа тәсілдерін зерделей отырып осы саланың дамуына үлкен үлес қосты.

Ричард Бендлер мен Джон Гриндердің шәкірті ретінде танымал американдық ғалым Роберт Дилтстің, "Нейролингвистикалық Бағдарламалау I Том" — еңбегінде көшбасшылық, шығармашылық және оқыту үдерістеріне қолдану бойынша жаңашылдықтар енгізген және негізгі қағидағтары мен құралдарын қарастырған. Сонымен қатар, тәжірибелік құралдары қалай жұмыс істейтіні және оларды адамдармен жұмыс істеу үшін қалай қолдануға болатыны баяндалған[4]. Әлемдегі танымал шығармашылық және лидерлік тұлғалардың стратегияларын зерделей отырып (мысалы, Леонардо да Винчи, Альберт Эйнштейн) "Данышпандардың стратегиялары" — атты зерттеулерінде нейролингвистикалық бағдарламалаудың құралдарын шығармашылыққа және лидерлік қабілетті дамытуға пайдалану жолдарын терең зерделейді[5]. Осылайша, біз бұл ғалымның көшбасшылық, шығармашылық және білім беру процестеріне бейімдеп қолдану арқылы бұл әдісті жаңа деңгейге көтергенін көреміз.

Нейролингвистикалық бағдарламалау - педагогикалық тұрғыдан зерттеуші ғалымдар Р.Черч, Р.Терри "Оқытушыларға арналған Нейролингвистикалық бағдарламалау " — еңбегінде бұл бағдарламаның негізгі қағидаларын педагогикалық ортада тиімді қолдану жолдарын қарастырып мұғалімдерге оқушылармен қарым-қатынасты жақсартуға, мотивацияны арттыруға және оқыту үдерісін жетілдіруге көмектесетін практикалық ұсыныстар ұсынатын және мұғалімдердің күнделікті тәжірибесінде қолдануға болатын қарапайым, бірақ тиімді құралдарды жинақтап кітап жазады. Бұл еңбекте педагогтарға арналған практикалық ұсыныстар берген[6]. Зерттеушілер О' Коннор мен Ж.Сеймур мұғалімдер бұл әдіс арқылы оқушыларға өз талаптарына сәйкес келмейтін жағдайдан шығуға қалай көмектесетіні туралы зерттеген[7]. Осыған байланысты С.Дарн эмоционалды күйлерді когнитивті тұрғыдан анықтау үшін көзбен байланыс пен қозғалысқа назар аударды. Оның пайымдауынша, визуалды және кинетикалық белгілер адамның ішкі эмоционалды күйін тануға мүмкіндік береді[8]. Тағы да зерттеушілердің пікірінше жеке және кәсіби дамуда және білім беру және уақытты басқару сияқты бірқатар салаларда танымал бола бастады- дейді зерттеулерінде оқушылардың академиялық үлгеріміне, эмоционалды интеллектке және сыни ойлауға ықпал етеді деген қорытындыға келді. [9]. Сонымен қатар, Эль-Ашри, бірнеше интеллект және көрнекі, аудио және кинестетикалық оқыту стильдері арасындағы байланысты атап өту керек, оқушыларға ерекше назар аударып, олардың оқу стильдерін, сәйкесінше, сыныпта және одан тыс жерлерде диагностикалау керек -деп тұжырымдайды [10].

Ресейлік зерттеуші Х.Адлер нейролингвистикалық бағдарламалау- бұл практикалық психологиядағы әдістерді қолданатын бағыт, соның арқасында адамның сана-сезіміне әсер етіп, оның ойлауы мен мінез-құлқын өзгертуге болады-деп анықтама берген [11].

Педагогикалық білім беру саласында жүргізіліп жатқан отандық зерттеулерде педагог-психологтардың нейролингвистикалық бағдарламалауды қолдануы аз зерттелгені байқалады. Алайда шет тілдерін т.б оқытуда қолдану аясында біршама еңбектер бар. Мысалы С.А.Шакирова, Г.И.Мейірова пәндік оқытуда бұл әдістің қолдану тиімділігін қарастырады[12]. Ал, А.Г.Сембаева Г.А.Ескермесова өз зерттеулерінде- поэзия мен жыр-дастандардың нейролингвистикалық және магиялық қуатын қарастырады[13]. Жоғарыдағы зерттеулерді саралай келе түйгеніміз, әдістері негізінен адамның санасы мен бейсанасының өзара әрекеттесуін басқару үшін тілдің эмоционалды жағдай және мінез-құлықтың маңыздылығына атап өтіп отыр. Олай болса, нейролингвистикалық бағдарламалау әдісі психология, лингвистика және жүйелі ойлау элементтерін біріктіретінін көреміз. Педагогикада нейролингвистикалық бағдарламалау педагогтардың білім алушылармен тиімді қарым-қатынас жасауына көмектесетін құралдар мен әдістерді қамтиды деп есептей отырып, әдіснамалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар деп тұжырым жасаймыз.

Жалпы әдіснама дегеніміз - ғылыми зерттеу мен құбылыстарды түсіндіру және талдау әдістері мен тәсілдерінің жүйесі. Отандық зерттеуші Ш.Т.Таубаеваның пікірінше, әдіснама — бұл объективті шындықтың өзгерістері мен танымның негізгі принциптері, ғылыми жетістіктерге жетудің жолдары мен әдістері туралы ғылым десе ал, тұғыр туралы: «Тұғыр — бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің, қандай да бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті»-деп

қарастырады[14]. Нейролингвистикалық бағдарламалаудағы әдіснаманың рөлі - зерттелетін құбылысты жан-жақты түсінуге, оны қалыптастыратын себептер мен факторларды, оның дамуының заңдылықтары мен тенденцияларын айқындауға мүмкіндік береді.

Білім берудегі нейролингвистикалық бағдарламалаудың әдіснамасының маңызды бір ерекшелігі педагогтың кәсіби құзыреттілігінің дамуына, жеке тұлғаны толық қалыптастыруға, білім алушылардың оқу-танымдық қызметін арттыруға және сапалы білім алуына ықпал ететіндігінде. Нейролингвистикалық бағдарламалау әдіснамалық тұрғыдан білім алушылардың қабылдау деңгейлері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту үрдісін жетілдіру. Нейролингвистикалық бағдарламалаудың әдістері оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнатуға, олардың қабылдау ерекшеліктерін ескеріп, ынталандыруға мүмкіндік береді. Педагог-психолог мамандар жеке-бағдарлы тұғырға сүйене отырып, нейролингвистикалық бағдарламалау әдістерін қолдану арқылы оқушылардың эмоционалдық жағдайын басқаруға және оқу процесін ынталандыруға көмектеседі. Сонымен қатар, әрбір оқушының жеке қажеттіліктері мен жеке тәжірибесін ескеріп, оқыту процесін жеке бағыттады. Мұндай тәсілде оқушылардың білім алу процесіне белсенді қатысуы мен өзіндік қызығушылығына назар аударылып, оқушы білім алудың толыққанды қатысушысы ретінде қарастырылады. Нейролингвистикалық бағдарламалау әдістерінің жеке тұлғаға бағдарлануы педагог-психологтарға оқушылардың жеке ерекшеліктерін тереңірек түсінуге, олармен сенімді қарым-қатынас орнатуға және олардың қажеттіліктеріне сәйкес педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, психологиялық әдістері жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауын, ішкі мотивациясын арттыруға бағытталады[15]. Сонымен қатар, педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Құзыреттілікке негізделген білім беру тұжырымдамасы өткен ғасырдың 70-жылдарында Америкада алғаш зерттеліп бастаған[16]. Құзыреттілікке негізделген бұл білім беру тұжырымдамасы және Н. Хомскийдің ұсынған «құзыреттілік» ұғымының негізінде дамыды. Бұл тұжырымдама оқушының білімін тәжірибеде қолдану қабілетіне баса назар аударады. Оқу үдерісін ұйымдастыру және нәтижелерді бағалаудың жалпы принциптер жиынтығы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық құзыреттілік пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар білім алушылармен тиімді қарым-қатынас жасай білу, сыныпты басқару және оқу үдерісін оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуді қамтиды. Нейролингвистикалық бағдарламалау саласының негізін қалаушылардың бірі ағылшын зерттеушісі Р.Дилтс көптеген зерттеулерді талдай келе нейролингвистикалық бағдарламалауды қолдану педагогикалық құзыреттіліктің деңгейін айтарлықтай арттыра алатынын көруге болады»-деп тұжырым жасаған[17].

Нейролингвистикалық бағдарламалаудың әсер ететін аспектілерінің бірі – педагогтің эмоционалдық интеллекті. Білім беру саласындағы нейролингвистикалық бағдарламалау әдістерінің мұғалімдердің кәсібилігіне әсерін зерттеген ағылшын зерттеушісі С.Хиггинс: «Нейролингвистикалық бағдарламалаудың әдістерін қолданатын педагогтар өздерінің оқушыларының эмоционалдық күйлерін жақсы түсініп, оқыту әдістерін осы күйлерге сәйкес бейімдей алады» -дейді[18]. Бұл өз кезегінде тиімді білім беру ортасын құруға ықпал етеді. Сонымен қатар, эмоционалдық интеллект тұжырымдамасын дамытқан американдық психолог Д.Гоулман. өз зерттеулерінде: «Нейролингвистикалық бағдарламалаудың педагогтарға өзін-өзі тану және өзіне баға беру дағдыларын дамытуға көмектеседі. Өз мінез-құлық және ойлау үлгілерін түсіну мұғалімдерге өз оқыту әдістері мен кәсіби дамуға саналы түрде қарауға мүмкіндік береді» - деп тұжырымдайды[19].

Негізгі ережелер. Осы орайда нейролингвистикалық бағдарламалаудың білім беру саласындағы мазмұнын толық түсіну үшін оның негізгі қағидаларына тоқталып өткен жөн:

– *НЛБ – лингвистика, психология және жүйелі ойлау элементтерін біріктіретін әдіс ретінде*- тіл мен ойлау арасындағы байланысты пайдалана отырып, адамның ішкі күйіне ықпал етуге бағытталған әдістер жүйесін ұсынады. Бұл әдіс тіл арқылы адамның мінез-құлқын өзгертуге, сенімді қарым-қатынас орнатуға және тұлғалық дамуға ықпал етеді.

– *НЛБ педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттырып, білім алушылармен тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.* Мұғалім бұл әдістерді қолдана отырып, өзінің эмоционалдық

интеллектің дамытып, оқу үдерісінде ынтымақтастық атмосфера қалыптастырады. Бұл педагогикалық өзара әрекеттестікті жаңа сапалық деңгейге көтереді.

– *НЛБ әдістері – раппорт, якорлау, рефрейминг – педагогикалық ортада эмоционалды интеллектті, мотивацияны, өзіндік танымды дамытуға көмектеседі.* Раппорт арқылы сенімді байланыс орнатылса, якорлау арқылы оң эмоциялар қайта белсендіріліп, рефрейминг арқылы жағдайға жаңаша көзқарас қалыптастырылады. Осы әдістердің мәнін нақтылай түссек:

- Раппорт – Ынтымақтастық немесе байланыс орнату
- Якорлау – Байлау немесе байланысуды бекіту
- Рефрейминг – Қайта қалыптау немесе қайта қарау

Позитивті психология саласының негізін қалаушы ағылшын зерттеушісі М.Селигман «Раппорт, немесе сенімді қарым-қатынас орнату, табысты оқытудың негізгі элементі болып табылады» -деп анықтама береді[20]. Осыған орай, мұғалім мен оқушы арасындағы раппорт орнату оқыту үшін қауіпсіз және нәтижелі атмосфераны қалыптастыратынын түсінуге болады. Якорлау – бір әдісі ретінде, белгілі бір эмоциялар мен күйлерді нақты стимулдармен байланыстыруға мүмкіндік бере отырып оқушылардың ресурстарын қажетті уақытта белсендіруге ықпал етеді. Мысалы, педагог оқыту үдерісімен байланысты оң эмоцияларды еске түсіру үшін белгілі бір сөздер немесе қимылдарды қолдана алады. Рефрейминг, немесе жағдайды қабылдауды өзгерту, нейролингвистикалық бағдарламалаудың маңызды әдісі болып табылады. Бұл педагогтарға оқушылардың жағдайларды әртүрлі көзқараспен қарауына көмектеседі, бұл өз кезегінде сыни ойлау мен шығармашылықты дамытуға қосар үлесі мол. Жалпы тәжірибеде нейролингвистикалық бағдарламалау білім беру үдерісінің әртүрлі аспектілерінде қолданылуы мүмкін. Мысалы, педагогтар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарларын жасау үшін пайдалана алады. Бұл оқытуға неғұрлым дербестендірілген тәсіл жасауға мүмкіндік береді, зерттеулер көрсеткендей, бұл жақсы нәтижелерге әкелуде. Сондай-ақ, оқушылардың мотивациясын арттыру үшін қолданыла алады. Оқу материалдарын қабылдауды өзгертуге және жағымды ассоциациялар жасауға бағытталған әдістер оқушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығы мен қатысуын арттыра алады.

– *НЛБ әдіснамасы оқушыны оқыту процесінің белсенді субъектісі ретінде қарастырады.* Бұл тәсіл оқушының ішкі қажеттіліктерін, қабылдау стилін және өмірлік тәжірибесін есепке ала отырып, оқыту үрдісін дараландырады. НЛБ әдістері білім алушының белсенді қатысуына жол ашады.

Алайда, педагогикада нейролингвистикалық бағдарламалауды қолданудың оң аспектілеріне қарамастан, бұл әдістеме үлкен сынға ұшырауда. Кейбір зерттеушілер білім беру ортасында нейролингвистикалық бағдарламалаудың тиімділігін растайтын эмпирикалық деректердің жеткіліксіздігін бар екенін дәлелдеуде. Сонымен қатар, оның кейбір әдістері дұрыс түсінілмей немесе дұрыс пайдаланылмай қалуы мүмкін, бұл теріс салдарға әкелуі ықтимал. Сондықтан нейролингвистикалық бағдарламалау тақырыбына арналған әдебиеттерді шолу жасау барысында ғылыми еңбектер, тәжірибелік құралдар және жалпы сипаттамалық кітаптар кеңінен талданды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу мақсатында «Педагогтардың НЛБ технологиялары туралы көзқарастары мен қолдану тәжірибесі»-атты авторлық сауалнама құрастырылды және қолданылды. Зерттеу Түркістан қаласындағы үш білім беру мекемесінде жүргізілді. Атап айтқанда, зерттеу алаңы ретінде №1 А.Байтұрсынов атындағы мектеп-лицейі, №28 мектеп-лицейі және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Педагогика-психология» кафедрасы таңдалды. Бұл мекемелер жалпы орта білім беру және жоғары педагогикалық білім беру саласында қызмет ететін мамандардың пікірін жинақтауға мүмкіндік берді. Сауалнамаға жалпы саны 85 педагог қатысты. Олардың қатарында жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орнының педагогикалық бағыттағы оқытушылары қамтылды. Сауалнама *Google Forms* платформасы арқылы онлайн режимде жүргізілді. Сауалнама мақсаты- педагогтардың НЛБ әдістері туралы хабардарлық деңгейін, олардың


қабылдау ерекшеліктерін, кәсіби тәжірибеде қолдану жиілігін анықтау. Сауалнама 10 сұрақтан тұрады және төмендегі негізгі аспектілерді қамтиды:

- Жынысы, жасы, еңбек өтілі сияқты жалпы сипаттамалық мәліметтер;
- НЛБ туралы есту деңгейі және ақпарат көзі (ЖОО, курс, интернет, өз бетімен);
- НЛБ әдістерін қолдану жиілігі мен тәжірибесі;
- НЛБ әдістерінің педагогикалық құзыреттілікті дамытудағы ықпалы туралы пікірлер (коммуникативтік дағды, эмоционалдық интеллект, сенімді қарым-қатынас, шығармашылық, басқару қабілеті);
- Респонденттердің НЛБ әдістері туралы білімі (раппорт, рефрейминг, якорлау, метафоралар);
- НЛБ әдістерінің оқушылардың мотивациясына әсері туралы пікірлері;
- Болашақта НЛБ бойынша кәсіби тренингтерге қатысуға ниеті.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің НЛБ технологияларына деген кәсіби қызығушылығы мен оны қолдану мүмкіндіктері туралы объективті деректер алуға негіз болды.


Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері педагогтардың нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ) технологиялары туралы хабардарлығы мен бұл әдістерді кәсіби тәжірибеде қолдану ерекшеліктерін көрсетіп отыр. Педагогтардың нейролингвистикалық бағдарламалау технологиялары туралы хабардарлығын, көзқарасын және кәсіби тәжірибеде қолдану деңгейін анықтауға бағытталды. Алғашқы үш сұрақта респонденттердің жынысы, жасы және еңбек өтілі сияқты жалпы сипаттамалық мәліметтер жинақталды. Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі НЛБ технологиялары туралы ақпаратты қайдан алдыңыз?-деген сұраққа (шамамен 70–80%) НЛБ туралы бұрын естігенін көрсетсе, олардың басым бөлігі бұл ақпаратты интернеттен немесе әдебиеттен (42%) және курстар мен семинарлардан (38%) алғанын атап өтті. Жоғары оқу орнынан бұл әдіс туралы білім алғандар 15%-ды құрады. Бұл педагогтардың НЛБ туралы ақпаратты көбіне бейресми көздерден алатынын көрсетеді

НЛБ әдістерін тәжірибеде қолдану жиілігіне келсек, респонденттердің 18%-ы бұл тәсілдерді үнемі қолданатынын айтса, 34%-ы сирек қолданатындарын білдірді. Ал 33%-ы тек теориялық тұрғыдан білетіндерін, бірақ тәжірибеде қолданбайтындарын мәлімдеді. Қалған 15%-ы бұл әдістерді мүлде қолданбаған. Сауалнама нәтижелері бойынша педагогтардың басым бөлігі НЛБ әдістерін сирек немесе мүлде қолданбайтынын көрсетті (Сурет 1).




Сурет 1 –Нейролингвистикалық бағдарламалау әдістерін қолдану жиілігі

НЛБ әдістерінің педагогикалық қабілеттерді дамытудағы рөліне қатысты педагогтардың пікірлері әртүрлі. Жауап берушілердің көпшілігі (74%) НЛБ коммуникативтік қабілетті жетілдіруге көмектеседі деп санайды. Сондай-ақ 68% – эмоционалдық интеллект, 61% – оқушымен сенімді қарым-қатынас орнату, 49% – шығармашылық ойлауды, 37% – сыныпты басқару дағдылары дамиды деп есептейді. Бұл тұжырымды нақтылау үшін келесі диаграммада педагогтардың НЛБ әдістерінің кәсіби құзыреттілікке әсері туралы пікірлері көрсетілген (Сурет 2)




Сурет 2 – Педагогтардың НЛБ әдістерінің кәсіби құзыреттілікті дамытуға әсері туралы пікірлері

НЛБ әдістерінің ішінде ең көп танылғаны – раппорт (59%), одан кейін рефрейминг (47%), метафоралар (38%) және якорлау (31%). Ал 26% респондент бұл әдістердің ешқайсысын білмейтінін көрсетті. Бұл – әдістердің теориялық және практикалық мазмұнын жүйелі түрде үйрету қажеттігін көрсетеді (Сурет 3).



3-сурет – Педагогтардың нейролингвистикалық бағдарламалау әдістері туралы хабардарлық деңгейі

Келесі диаграммада нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ) әдісі туралы педагогтер мен мамандардың хабардарлық деңгейі және оны қолданудың педагогикалық-психологиялық тиімділігіне қатысты көзқарастары бейнеленген. Зерттеу нәтижесінде респонденттердің басым бөлігі – 78 адам НЛБ туралы естігенін көрсеткен. Бұл – әдістің теориялық деңгейде кеңінен танымал екенін білдіреді. Алайда, НЛБ-ны үнемі қолданатындар саны небәрі 18 адамды құраса, сирек қолданатындар – 34 адам, ал мүлде қолданбайтындар – 33 адам болып отыр. Бұл көрсеткіштер НЛБ-ның практикада әлі де толыққанды енгенін көрсетеді. Сонымен қатар, респонденттердің 74-і НЛБ коммуникативтік қабілетті арттырады деп есептейді. Эмоционалдық интеллект дамиды деген пікірмен 68 адам келіссе, 61 адам НЛБ сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді деп көрсеткен. Бұл әдістің тұлғааралық қатынасты дамытуға оң әсер ететінін аңғартады. Ал 49 респондент шығармашылық ойлау қабілетінің дамуына әсер ететінін, 37-сі сыныпты басқару дағдыларын жетілдіруге көмектесетінін айтқан. Жалпы алғанда, НЛБ әдісінің педагогикалық процеске ықпалын жоғары бағалағандар саны аз емес екені көрініп тұр (Сурет 4).



Сурет–4 НЛБ әдісі туралы хабардарлық пен оны қолданудың тиімділігі көзқарасы

Бұл суретте педагогтардың нейролингвистикалық бағдарламалау технологиялары туралы хабардарлығы, оны тәжірибеде қолдану жиілігі және НЛБ әдістерінің кәсіби құзыреттілікке ықпалы жөніндегі пікірлері жинақталған. Мәліметтер педагогтардың көпшілігі НЛБ туралы білетінін, бірақ оны жүйелі түрде қолдану мен оқыту қажеттілігінің өзекті екенін көрсетеді.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері педагогтардың нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ) технологиялары туралы хабардарлығы біршама жоғары болғанымен, оны тәжірибеде қолдану деңгейі төмен екенін көрсетті. Бұл қорытынды бірқатар отандық және шетелдік зерттеулермен сәйкес келеді және НЛБ-ның педагогикалық тәжірибеде енгізілуінің шектеулерін нақтылай түседі. Мәселен, Р. Черч пен Р. Терри мұғалімдерге арналған НЛБ әдістерін қолданудың тиімділігіне тоқтала отырып, бұл тәсілдер мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, мотивацияны арттыруға көмектесетінін көрсеткен. Алайда, олардың еңбектерінде де көптеген мұғалімдердің бұл әдістер туралы тек жалпы түсінігі бар екені және тәжірибеде сирек қолданатыны атап өтіледі. Бұл біздің зерттеумен толық сәйкес келеді – сауалнамаға қатысқан педагогтардың тек 18%-ы ғана НЛБ әдістерін үнемі қолданатынын айтқан.

С.Хиггинс жүргізген зерттеуінде НЛБ әдістері мұғалімдердің эмоционалдық интеллектін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Біздің зерттеуде де осы тұжырым расталды – респонденттердің 68%-ы НЛБ эмоционалдық интеллектті арттырады деп есептейді. Бұл көрсеткіш мұғалімдердің НЛБ-ның тұлғааралық қатынасқа әсер ететінін мойындайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, эмоционалдық интеллект тұжырымдамасының негізін қалаушы Д. Гоулман НЛБ әдістерін қолдану арқылы педагогтар өзін-өзі тану мен кәсіби дамуға жететінін дәлелдейді. Біздің деректерімізге сәйкес, мұғалімдердің 74%-ы НЛБ-ның коммуникативтік қабілетті арттыратынын, 61%-ы сенімді қарым-қатынас орнатуға көмектесетінін атап көрсеткен.

М.Селигман раппорт орнату – табысты оқытудың маңызды элементі деп санайды. Бұл көзқарас та зерттеуімізде көрініс тапты: НЛБ әдістерінің ішінде ең жиі қолданылатын – раппорт (59%). Мұғалімдер оқушылармен өзара сенімді байланыс орнатуға басымдық беретіні байқалды.

Р.Дилтс өз еңбектерінде НЛБ-ны шығармашылық пен көшбасшылықты дамытуда тиімді әдіс ретінде сипаттайды. Біздің зерттеу бойынша, педагогтардың 49%-ы НЛБ шығармашылық ойлауға ықпал етеді деп есептейді, бұл Дилтстің пікірін қолдайды. Эль-Ашри оқушылардың қабылдау стилдерін ескере отырып оқытудың маңыздылығын атап өткен болатын. Бұл идея біздің зерттеуде де жанама түрде көрініс тапты – мұғалімдердің бір бөлігі (38%) НЛБ туралы ақпаратты курстар мен семинарлардан алғанын, алайда тәжірибеде оны оқушылардың ерекшеліктеріне бейімдеп қолдануда қиындықтар бар екенін көрсетті. Дегенмен, зерттеу барысында бірқатар шектеулер де анықталды. Мысалы, О’Коннор мен Ж. Сеймур мұғалімдердің НЛБ арқылы оқушыларға өз жағдайынан шығуға көмектесетінін айтқанымен, біздің зерттеу бұл тәжірибенің барлық педагогтарда орнықтағанын көрсетті. Сын көзқарас ұстанған

ғалымдар да бар. И.А. Баева мен Р. Хаарр НЛБ әдістерінің ғылыми негізінің әлсіз екенін және бұл тәсілдердің кейде шамадан тыс психотехникалық сипатта қолданылатынын ескертеді. Біздің зерттеуде респонденттердің 26%-ы НЛБ әдістерінің ешқайсысын білмейтінін айтқан. Бұл нәтиже НЛБ-ны оқыту мен практикада қолдану бойынша жүйелі дайындықтың әлі де жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері мен ғылыми әдебиеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар НЛБ әдістерін педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру құралы ретінде тиімді қолдану үшін жүйелі қолдау мен әдістемелік сүйемелдеудің қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды. Қазақстандағы педагогтардың кәсіби тәжірибесіне нейролингвистикалық бағдарламалау әдістемелерін енгізу – олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мен білім беру сапасын жақсартудың болашағы зор бағыты болып табылады. Бұл зерттеу нәтижелері мұғалімдердің НЛБ әдістерін тиімді қолдануына қажетті білім мен дағдыларды меңгеруге бағытталған құрылымдық кәсіби даму бағдарламаларын әзірлеудің өзектілігін көрсетеді. Эмоционалдық интеллектті, коммуникативтік дағдыларды дамыту және оқушылардың қажеттіліктерін тереңірек түсіну арқылы нейролингвистикалық бағдарламалау оқыту үдерісінің тиімділігі мен икемділігін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл әдістерді білім беру саласында жауапкершілікпен және этикалық тұрғыдан қолдану үшін оған қатысты сындар мен шектеулерді ескеру маңызды. Қазақстан білім беру сапасын арттыруға бағытталған реформаларды жалғастырып жатқан қазіргі кезеңде нейролингвистикалық бағдарламалау әдістерін енгізу осы мақсаттарға қол жеткізуде маңызды рөл атқара алады. Алдағы зерттеулер мен тәжірибелік жұмыстар білім беру саласында тиімді қолдануға берік негіз қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл, түптеп келгенде, білім мен өзін-өзі дамыту жолында әрі педагогтерге, әрі оқушыларға пайда әкеледі. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында нейролингвистикалық бағдарламалау технологияларын білім беру жүйесіне енгізу ұсынылады. Атап айтқанда, біліктілікті арттыру курстарын, практикалық тренингтер мен семинарларды ұйымдастыру маңызды. Жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына нейролингвистикалық бағдарламалауға қатысты элективті пәндерді қосу болашақ педагогтарды ерте кезеңнен дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, нейролингвистикалық бағдарламалау әдістерін оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне бейімдеп қолдану, сондай-ақ оның тиімділігін жүйелі түрде зерттеп, әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету – сапалы білім беруге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Gehlbach H., Robinson C. D. *From old school to open science: The implications of new research norms for educational psychology and beyond* // *Educational Psychologist*. – 2021. – Vol. 56. – No. 2. – P. 79-89.
2. Bandler R., & Grinder J. *The Structure of Magic: A Book About Language and Therapy*. Palo Alto, CA: Science and Behavior Books, 1975.
3. *Real People Press* // Moab, Utah. – 1979. – Vol. 412.
4. Dilts R., Grinder J., Bandler R., & DeLozier J. *Neuro-linguistic programming: The study of the structure of subjective experience (Vol. 1)*, 1980. Meta Publications.
5. Dilts R. *Strategies of Genius, Capitola* // CA: Meta Publications. – 1994. – Vol. 5. – P. 1-3.
6. Churches R., Terry R. *NLP for teachers: How to be a highly effective teacher*. – Crown House Publishing, 2007.
7. O'Connor J., & Seymour J. *Introducing Neuro-Linguistic Programming: The New Psychology of Personal Excellence*. New York: HarperCollins, 1990
8. Darn S. *Neuro-linguistic programming in ELT*. Izmir University of Economics, 2005
9. Zhang X., Davarpanah N., & Izadpanah S. *The effect of neurolinguistic programming on academic achievement, emotional intelligence, and critical thinking of EFL learners*. *Frontier in Psychology*, 13, 2023. Article 888797. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.888797>
10. El-Ashry M.M. *The importance of neuro-linguistic programming skills as a communication tool in the workplace*. *Journal of Global Sciences*, 6, 2023. 1108-1123. <https://doi.org/10.5281/zenodo.7479557>
11. Алдер Г. НЛП. *Современные психотехнологии*. – СПб: Питер, 2001. – 160с.
12. Шакирова С., Мейірова Г. *Химияны оқытуда нейролингвистикалық бағдарламалауды қолдану* // *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Естественно-географические науки»*. – 2023. – Т. 2. – №. 76. – С. 54-61.
13. Сембаева А., Ескермесова Г. А. *Поэтикалық тілдің нейролингвистикалық бағдарламалық сипаты* // *Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Филологические науки»*. – 2021. – Т. 1. – №. 1 (75). – С. 155-162.

14. Таубаева Ш.Т. Педагогика адиснамасы: оқу куралы. – Алматы: Карасай, 2016. – 432 б.
15. Omarbekova N.K., Lopanova E.V., Abdykeshova D.T. Competencies as a basis for standardizing procedures for implementing professional education programs // *Modern pedagogical education*. - 2019. - No. 1. - P. 15-19.
16. Zimnyaya I.A. Key competencies - a new paradigm of educational results // *Experiment and innovation at school*. - 2009. - No. 2. - P. 7-14.
17. Dilts R. *Changing Belief Systems with NLP*. Cupertino, CA: Meta Publications, 1990
18. Higgins S. *The Impact of NLP on Teacher Competence: A Review of the Literature*. *Educational Review*, 56(2), 2004. p.175-188.
19. Goleman, D. *Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ*. New York: Bantam Books, 1995
20. Seligman M.E.P. *Authentic Happiness: Using the New Positive Psychology to Realize Your Potential for Lasting Fulfillment*. New York: Free Press, 2002

References:

1. Gehlbach H., Robinson C. D. *From old school to open science: The implications of new research norms for educational psychology and beyond* // *Educational Psychologist*. – 2021. – Vol. 56. – No. 2. – P. 79-89.
2. Bandler R., & Grinder J. *The Structure of Magic: A Book About Language and Therapy*. Palo Alto, CA: Science and Behavior Books, 1975
3. Real People Press // Moab, Utah. – 1979. – Vol. 412.
4. Dilts R., Grinder J., Bandler R., & DeLozier J. *Neuro-linguistic programming: The study of the structure of subjective experience (Vol. 1)*. Meta Publications, 1980
5. Dilts R. *Strategies of Genius, Capitola* // CAMeta Publications. – 1994. – Vol. 5. – P. 1-3.
6. Churches R., Terry R. *NLP for teachers: How to be a highly effective teacher*. – Crown House Publishing, 2007.
7. O'Connor J., & Seymour J. *Introducing Neuro-Linguistic Programming: The New Psychology of Personal Excellence*. New York: HarperCollins, 1990
8. Dam S., *Neuro-linguistic programming in ELT*. Izmir University of Economics, 2005
9. Zhang X., Davarpanah N., & Izadpanah S. (2023). *The effect of neurolinguistic programming on academic achievement, emotional intelligence, and critical thinking of EFL learners*. *Frontier in Psychology*, 13, 2023. Article 888797. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.888797>
10. El-Ashry M.M. (2021). *The importance of neuro-linguistic programming skills as a communication tool in the workplace*. *Journal of Global Sciences*, 6, 2021. p.1108-1123. <https://doi.org/10.5281/zenodo.7479557>
11. Alder G. *NLP. Sovremennye psikhotehnologii*. – St. Petersburg: Piter, 2001. – 160 p.
12. Shakirova S., Meirova G. *Primenenie neuro-lingvisticheskogo programmirovaniya v obuchenii khimii* // *Vestnik KazNPU im. Abai. Seriya «Estestvenno-geograficheskie nauki»*. – 2023. – Vol. 2. – No. 76. – P. 54-61.
13. Sembayeva A., Eskermesova G. A. *Poetic Language in the Context of Neuro-Linguistic Programming* // *Vestnik KazNPU im. Abaya, Seriya «Filologicheskie nauki»*. – 2021. – Vol. 1. – No. 1 (75). – P. 155-162.
14. Таубаева Ш.Т. *Pedagogy of Adisnamasy: Oqu Kuraly*. – Алматы: Karasai, 2016. – 432 p.
15. Omarbekova N.K., Lopanova E.V., Abdykeshova D.T. Competencies as a basis for standardizing procedures for implementing professional education programs // *Modern Pedagogical Education*. – 2019. – No. 1. – P. 15-19.
16. Zimnyaya I.A. Key competencies - a new paradigm of educational results // *Experiment and Innovation at School*. – 2009. – No. 2. – P. 7-14.
17. Dilts R. *Changing Belief Systems with NLP*. Cupertino, CA: Meta Publications, 1990
18. Higgins S. *The Impact of NLP on Teacher Competence: A Review of the Literature*. *Educational Review*, 56(2), 2004. p.175-188.
19. Goleman, D. *Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ*. New York: Bantam Books, 1995.
20. Seligman M.E.P. *Authentic Happiness: Using the New Positive Psychology to Realize Your Potential for Lasting Fulfillment*. New York: Free Press, 2002